

ӘЛЕУМЕТТІК КОДЕКС ҚҰРЫЛЫМЫ

ЖАЛПЫ БӨЛІГІ

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Негізгі (негізгі түсініктер, қағидаттар)

2-тарау. Әлеуметтік қорғау саласындағы адамдардың құқықтары

3-тарау. Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың құзыреті

2 бөлім. Әлеуметтік қорғау саласындағы субъектілердің құқықтық жағдайы

4-тарау. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры

5-тарау. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры

6-тарау. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары

7-тарау. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру тәртібі

8 тарау. Әлеуметтік қызметкерлер

ЕРЕКШЕ БӨЛІГІ

3 бөлім. Әлеуметтік қорғау бағыттары және оларды іске асыру тәртібі

9 тарау. Балалары бар адамдарды (отбасыларды) әлеуметтік қорғау

10 тарау. Халықты жұмыспен қамту

11 тарау. Атаулы әлеуметтік көмек

12 тарау. Арнайы әлеуметтік қызметтер

13 тарау. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау

14-тарау. Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек

15-тарау. Зейнетақымен қамсыздандыру

16 тарау. Асыраушысынан айырылған адамдарды әлеуметтік қорғау

17 тарау. Азаматтардың кейбір санаттарына жерлеуге арналған біржолғы төлемдер

4 бөлім. Әлеуметтік аударымдар және зейнетақы жарналары

18 тарау. Әлеуметтік аударымдар

19 тарау. Зейнетақы жарналары

5-бөлім. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік. Өтпелі және қорытынды ережелер (мемлекеттік бақылау, жоғалтуға арналған заңдар, жекелеген нормаларды кезең-кезеңімен енгізу)

АЗАМАТТЫҢ ӨМІРЛІК ЦИКЛІ

әлеуметтік тәуекелдер
есебімен



Өмірге келуі/кетуі
Ана болуды қолдау

Балалық шақ

Отбасы

Жұмыс

Білім алу

Сырқаттар

Қарттық

ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫ-ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР БОЙЫНША ДЕРБЕСТЕНДІРІЛГЕН БАЗАСЫ

Мемл. органдар аймағы

SDU-да жеке тұлғалар туралы мәліметтерді қалыптастыру және беру



МҰ АЖ
1



МҰ АЖ
2



МҰ АЖ
3



МҰ АЖ
4

ЦДИАӨМ аймағы

Жеке тұлғалар туралы дербестендірілген деректерді жинау және өңдеу



ЕХӘҚМ аймағы

Отбасының әл-ауқатын бағалау алғышарттары негізінде анықтау

(Алқир-Фостердің кедейлікті өлшеу әдісі)



ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ШАРТТАР



ТҰРҒЫН ҮЙ ШАРТТАРЫ



ДЕНСАУЛЫҚ



ӘЛЕУМЕТТІК ШАРТТАР



БІЛІМ АЛУ

Отбасыларды санаттар бойынша бөлу

Отбасының цифрлық картасы

Деңгей	Отбасы	Адам
А (жақсы)	2 271 130	7 192 660
В (қанағ.)	899 321	3 161 339
С (қолайс)	857 732	2 867 186
Д (дағд.)	1 054 129	3 255 942
Е (нашар)	1 199 701	3 004 412
Барлығы	6 282 013	19 481 539

ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫ - ОТБАСЫ МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ "ЭЛЕКТРОНДЫҚ ХАБАРШЫСЫ"



2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап

- ✓ бала туу бойынша төлемдер
- ✓ бала күтіміне байланысты төлемдер
- ✓ мүгедек бала күтімі бойынша жәрдемақы
- ✓ мүгедектік бойынша жәрдемақы
- ✓ жұмыссыздық бойынша жәрдемақы

2022 жылғы 1 қазаннан бастап қосымша:

- ✓ асыраушысынан айрылу бойынша төлем
- ✓ көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы
- ✓ «Күміс алқа» және «Алтын алқа» иегерлеріне жәрдемақы
- ✓ Атаулы әлеуметтік көмек

2022 жылғы 1 қарашадан бастап қосымша:

- ✓ зейнетақы төлемдері

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап

- ✓ әлеуметтік қорғау саласындағы қызметтердің барлық түрі

77,7 мың СМС жіберілді, оның ішінде 15 мыңы белсенді, 37 мыңы ХҚКО арқылы төлем тағайындалды

БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ



Бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдер мерзімінің ұлғаюуы

1 ЖЫЛ



1,5 ЖЫЛ

шамамен
500 мың ата-ана



Марапатталған аналарға берілетін жәрдемақы мөлшерін арттыру

6,4 АЕК



7,4 АЕК

90 мың марапат алған аналар



Медиандық табысқа көшу

кедейлік шегін анықтау және АӘК беру үшін

2025
ЖЫЛДАН
бастап

Әлеуметтік қолдау отбасының цифрлық картасын пайдалана отырып **ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕГЕ** сүйене отырып жүзеге асырылатын болады



Кепілдендірілген әлеуметтік пакетті монетизациялау

1,5 АЕК

азық-түлік себетінің орнына

шамамен
190 мың отбасы

АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

705 мың
мүгедектігі бар
адам

45%

уылды жерде
тұрады



Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінде жан басына қаржыландыруды енгізу



Интернат-үйлерді трансформациялау ірі интернат-үйлерде қызмет көрсетуден әлеуметтік қызмет көрсетудің шағын жинақты ұйымдарында қызмет көрсетуге көшу



Мүгедектігі бар адамдардың отбасы мүшелері - жеке көмекшілер

Осы мақсаттарға барлығы **37,0 млрд теңге** бағытталады

Зейнетақы жүйесі. 1998 жылға дейінгі еңбек өтілінің және БЖЗҚ-дағы зейнетақы жинақтарының төмендеуі жаңа зейнеткерлердің зейнетақы мөлшерінің бұрыннан зейнетақы алып жүрген адамдардың зейнетақысымен салыстырғанда азаюына әкелді

Зейнеткерлер санаты	Зейнетке шыққан жылы	Зейнеткерлердің ағымдағы саны	Зейнетақының орташа мөлшері	Болжам	Өзгерістер қажеттілігі
1 Кеңестік кезең зейнеткерлері	1998 жылға дейін	365 мың адам	<u>133 021 теңге</u> Оның ішінде <ul style="list-style-type: none"> • базалық - 37 946 тг • ортақ - 95 075 тг 	Зейнетақы мөлшері тұрақты	Талап етілмейді
2 Ауыспалы кезең зейнеткерлері	1998-2038 жылдар	1,8 млн адам	<u>111 185 теңге</u> Оның ішінде <ul style="list-style-type: none"> • базалық - 36 412 тг • ортақ - 74 773 тг • жинақтаушы (200 мың адам) 	Зейнетақы мөлшері азаяды	Өлшемдер өзгереді
3 ЖЗЖ-ға қатысушылар (жинақтаушы зейнетақы жүйесі)	2038 жылдан кейін	-	<ul style="list-style-type: none"> • Базалық • Жинақтаушы 	Табысты алмастыру коэффициенті төмендейді	Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары енгізіледі

БАЗАЛЫҚ ЖӘНЕ ОРТАҚ ЗЕЙНЕТАҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІН ЕСЕПТЕУ ӨЛШЕМДЕРІН ӨЗГЕРТУ

БАЗАЛЫҚ

> Базалық зейнетақы төлемдерінің ең төменгі мөлшерін кезең-кезеңімен 70% - ға дейін, ең жоғары мөлшерін 120% - ға дейін жеткізу

Жүйе өлшемдері	2022 ж.	Ұсынылады				
		2023 ж. бастап	2024 ж. бастап	2025 ж. бастап	2026 ж. бастап	2027 ж. бастап
Ең төменгі мөлшер	ЕТК 54%	ЕТК 60%	ЕТК 65%	ЕТК 70%	ЕТК 70%	ЕТК 70%
Ең төменгі мөлшер еспке алынатын өтіл	0-10 жыл	0-10 жыл	0-10 жыл	0-10 жыл	0-10 жыл	0-10 жыл
Жүйеге қатысқан әр жыл үшін үстемеақы	+ ЕТК 2%	+ЕТК2%	+ЕТК2%	+2ЕТК%	+ЕТК2%	+ЕТК2%
Ең көп мөлшер	ЕТК 100%	ЕТК 100%	ЕТК 105 %	ЕТК 110%	ЕТК 118%	ЕТК 120%

ОРТАҚ

> Жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табысты арттыру

	Тағайындау кезеңі	Еңбек өтілі	Орташа айлық табыс, тг.	Орташа айлық табыс пайызы	АЕК	Жиынтығы, тг.	Айырма
Әйелдерге арналған зейнетақыны есептеу мысалы	2023 жылға дейін	20 жыл	200 000	60	46	95 220	18 630 тг.
	2023 жылдан бастап	20 жыл	200 000	60	55	113 850	

Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары

Өзгерістерге дейін

- > Базалық
- > Жинақтаушы



Өзгерістерден кейін


- > Базалық
- > Жинақтаушы
- > **Шартты-жинақтаушы**

Шартты-жинақтаушы зейнетақы

- > ШЖЖ жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) енгізу арқылы іске асырылатын болады
- > Өрбір қызметкерге БЖЗҚ-да қызметкердің меншігі болып табылмайтын шартты зейнетақы шоттары ашылады
- > Зейнеткерлік жасқа жету және МЗЖ төлеу өтілі кемінде 5 жыл (60 ай) болуы
- > Төлемдер өмір бойы жасалады және мұраға қалдырылмайды

Ағымдағы жағдай

ЖМЗЖ-ны 2024ж. Бастап кезең-кезеңімен енгізу



Зейнетақы активтерін жеке басқаруға аудару

«ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚРЗ

Зейнетақы активтерін инвестициялық портфельді басқарушының сенімгерлік басқаруына ең төменгі жеткіліктілік шегінен жоғары сомада беру

Әлеуметтік кодекс

Өзінің зейнетақы жинақтары сомасының 50 пайызына дейін жеке инвестициялық басқарушы компанияларға беру.

БЖЗҚ-дағы Ұлттық Банктің басқаруындағы өз зейнетақы активтерін сақтау

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес әлеуметтік Кодекс шеңберінде зейнетақы активтерін жеке компанияларға басқаруға беру жөніндегі нормалар қабылданды, олар мыналарды көздейді:

- зейнетақы жинақтарының жеткіліктілігінің ең төменгі шектерін алып тастау;
- салымшының мәлідемесіне сәйкес жеке компанияларға зейнетақы активтерінің 50% - дан аспайтын бөлігін басқаруға беру мүмкіндігі;
- жеке басқарушы компанияларға берілген зейнетақы активтеріне мемлекеттік кепілдіктер беруді болдырмау;
- зейнетақы активтері бойынша табыстылықты қамтамасыз ету бойынша жеке басқарушы компанияларға қосымша талаптар белгілеу.

САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) БЖЗҚ-ДАН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН АЛУЫ

БЖЗҚ-дан жинақтардың бір бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға алу, 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап емделуге ақы төлеу құқығы азаматтардың мынадай санаттарына берілді:

- БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, жұмыс істейтін азаматтар сомасының "жеткіліктілік шектен" асатын бір бөлігін пайдалана алады. Яғни белгілі бір сома шотта қалуы тиіс. Осы сомадан артылған қаржыны азаматтар өз қалауы бойынша жоғарыда аталған қажеттіліктерге пайдалана алады.
- зейнетақысы жоғалған табыс мөлшерінің (бұрын алынған жалақы) кемінде 40% құрайтын зейнеткерлер БЖЗҚ-да қалған зейнетақы жинақтары сомасының 50% - на дейін пайдалана алады;
- өздеріне зейнетақы аннуитетін ресімдеген және әлі де жинақтары бар азаматтар БЖЗҚ-да қалған зейнетақы жинақтарының сомасы шегінде пайдалана алады.

Әлеуметтік Кодекс шеңберінде 2023 жылғы 1 шілдеден бастап БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлерге тұрғын үй жағдайларын жақсарту, емделуге ақы төлеу мақсатында зейнетақы жинақтарының сомаларын **толық алу құқығы берілді**.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫН ЫРЫҚТАНДЫРУДЫ ЗАҢНАМА ТҰРҒЫСЫНАН БЕКІТУ



Сарапшылардың бағалауы бойынша, біздің елімізде Яндекс, Убер, Вольт сияқты әртүрлі онлайн-платформалар арқылы 500 мыңға жуық адам жұмыс істейді

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ОРТАЛЫҚТАРЫН ЕҢБЕК ҰТҚЫРЛЫҒЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНА АЙНАЛДЫРУ


Қазір қандай

Жұмыспен қамту орталықтары

1. Облыс аудандары мен қалаларында 202 жұмыспен қамту орталығы жұмыс істеуде.
2. Олар 2010 жылы белсенді жұмыспен қамту шаралары аясында жұмыссыздарға және басқа санаттарға мемлекеттік қолдау көрсету үшін құрылды.
3. Қазіргі уақытта:
 - жұмыссыздарды тіркеумен
 - жұмысынан айрылу бойынша әлеуметтік төлеммен
 - жұмыс орындарын ссубсидиялаумен
 - ерікті қоныс аударумен
 - грант беруменбайланысты барлық жұмыстар электрондық еңбек биржасына толық цифрланған және іске асырылған
4. Еңбек нарығындағы жаңа жағдайларды ескере отырып, жұмысты қайта жүктеу қажет

Қандай болмақ

Еңбек ұтқырлығы орталықтары



ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ҮШІН:

- 1) мамандар таңдау
- 2) қызметкерлерді басқаруға қолдау жасау
- 3) еңбек нарығы туралы ақпарат беру

ЖҰМЫС ІЗДЕУШІЛЕР ҮШІН:

- 1) мансаптық кеңес беру
- 2) жұмысқа орналасудың жеке жоспарын жасау (*кейс-менеджмент қағидаттары негізінде*)
- 3) оқуды ұйымдастыру
- 4) бос жұмыс орындарына орналастыру
- 5) басқа өңірлерге, шетелге жұмысқа жолдама беру
- 6) қоныс аудару бағдарламасын іске асыру

«АШЫҚ ҚАЗАҚСТАН 500+» ЖАҢА КӨШІ-ҚОН САЯСАТЫ

Сыртқы көші – қон – сұранысқа ие кәсіптер бойынша жоғары білікті шетелдік мамандарды тарту көзі ретінде

Білім,
технология
және
дағдылар
трансфері



Құнды дағды иелеріне арналған виза ғылым, білім, денсаулық сақтау, өнеркәсіп, IT, спорт және мәдениет салаларында



Сұранысқа ие мамандықтар бойынша кемінде **100 жетекші ғалымды тарту**



Тапшы кәсіптер бойынша кемінде **100 білікті шетелдік маманды тарту**



Атамекен картасы (АҚШ жасыл картасының аналогы) саяси қызмет пен құқықтарды қоспағанда, еркін еңбек және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығын береді

Елдің солтүстік және орталық аймақтарына реттелетін ішкі көші-қон



ҚОНЫС АУДАРУДЫ ҒЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ АРНАЙЫ АЙМАҚТЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ жұмыс күші тапшылығын бастан кешіретін экономиканың басым секторларын айқындау



ҰТҚЫРЛЫҚ СЕРТИФИКАТЫ қоныс аударушыға жаңа орындағы тұрғын үй құнының 50% дейін (сатып алу, құрылыс, үлестік қатысу) қаржы көмегі құқығын береді